

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/DFDR9992>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/DNUC2435>

Г. Төкенқызы¹, *Б. К. Жумабекова², Н. З. Жуманбекова³

¹«Тұран-Астана» университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.;

²Торайгыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫҚ МӘТІНДЕР СИПАТЫ

Мақалада Абай Құнанбаев қара сөздеріндегі интертекстуалдық мәтіндердің табиғаты талданады. Зерттеуде ұлы ақын сөздерінің мағынасы, шығармаларындағы интермәтіннің сипаты ашылады. Интермәтін қазіргі кезде көркем, публицистикалық және жарнамалық мәтіндердің өзіндік ерекшелігіне айналуда. Фольклор үлгілері интермәтін ретінде талданады: фразеологизмдер, халық мақал-мәтелдері; прецеденттік атаулар прецеденттік мәтіндер ретінде қарастырылады бұл поэтикалық шығармалар мен фольклордағы кейіпкерлердің аттары, метафоралар мен фразеологиялық бірліктер. Абайдың қара сөздеріндегі интермәтіннің поэтикалық табиғаты бірінші рет қарастырылып отыр.

Интермәтіндік қолданыстар кейіпкерлерді суреттеуге, сипатталған оқиғаларға автордың көзқарасын білдіруге, автор ойын жеткізуге мүмкіндік береді.

Интермәтіндерді тиімді қолдану шығарманың оқырманға әсер ету функциясының артуына ықпал ететіндігі расталды, өйткені ол оқырманның мәдени, тарихи білімін кеңейтеді және ұлттық кодты дамытуға ықпал етеді

Прецеденттік атаулар қазақ мәдениеті, әдебиеті мен тарихында ерекше орын алады. Олар тарихи тұлғалар, мифтік образдар, яғни антропонимдердің ұлттық танымды, мәдениетті сақтауға мүмкіндік береді, яғни ұлттық мәдениет туралы білімнің қайнар көзі болып табылады.

Ақын шығармалары мен аудармаларында тұрақты тіркестерді шебер қолданатындығы және жаңа өрнектер құрылымындағы

өзгерістер, яғни арасына сөздердің қосылуды ақын поэзиясының ерекшелігі екендігі мысалдар арқылы талданады.

Кілтті сөздер: интермәтін, мәтінаралық талдау, прецедент атауы, ұлттық код.

Кіріспе

Кез-келген ұлттың тілі сол ұлттың шынайы этникалық болмысының көрінісі. Қазіргі таңда тілді теориялық және танымдық үрдісте зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл үрдіс тіл мен адам санасына тұтас көзқарас, грамматиканы адам санасының өнімі, күрделі ассоциативті-вербальды құрылым, рух пен ойдың бірлігінде таралатын жүйе ретінде жан-жақты анықтауға негізделген.

Адамзат қоршаған ортаны, әлемдегі түрлі құбылыстар мен олардың қасиеттерін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, қабылдап қана қоймай, оған жауап береді, санасыз түрде ақпаратты өзінше сынайды, жұмыс істейді, жинақтайды және өлшейді, жаңаша шығарады, бағалайды, іс жүзінде жүзеге асырады, тұтастай әлемнің тілдік бейнесін жасайды.

Тілдік таңбалар адамдардың дүниені түсінуі туралы ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар ұлттық тіл арқылы эстетикалық талғамды, кәсібін, мінез-құлықты, ырымдарын, әдет-ғұрыпты, дәстүрді, ұлттық рухты, ұлттың тілдік бейнесін танытады. Осыған байланысты белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениетінің көріністері тарихи-мәдени тілдік белгі ретінде тілде қалыптасады.

Дана Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Ақынның дүниеге келгеніне біржарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына, сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі бұрылыстар мен құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді.

Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарымызды Абай ілімінен таба аламыз. Ал Абай қарасөздерін жан-жақты зерттеу әлі де маңызды.

Зерттеудің нысаны: интермәтіндер мен прецеденттік мәтіндер.

Зерттеудің пәні: тіл білімі.

Мақсаты: Бүгінгі таңда қазақ авторының туындыларынан интермәтіннің түрлі мысалдарын табу арнайы зерттеуді қажет етеді. Себебі әр мәтін интермәтіндік сипатқа ие бола алуы мүмкін. Абай қарасөздеріндегі интермәтіннің поэтикалық сипатын қарастыру зерттеу мақсаты болып табылады.

Міндеттері:

Абай қара сөздерінің маңызын ашып көрсету;

-Ақынның қарасөздеріндегі прецеденттік мәтіндердің мәнін ашып көрсету;

-Абай қарасөздеріндегі интермәтіндерді талдау.

Зерттеудің әдістері

Мақалада Абай қарасөздеріндегі интермәтіннің қолданысын және тілін жан-жақты талдау үшін салыстыру, баяндау әдісі, теориялық тұжырымдарға сүйене отырып ғылыми тұрғыдан талдау, сипаттау, саралау, мәтінге контекстік талдау, жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің нәтижесі мен талқылау

Интертекстуалдық (мәтінаралық) теориясының негізі шетелдік ғалымдардың еңбектерінде, мысалы Бахтинде кездесе де, оның үзінділерін қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы кезеңдерінен табуға болады. Алайда зерттеушілер интертекстуалдылық мәселесін тар және кең түрде түсіндірді. Тар мағынада интертекстуалдық ішіндегі мәтін деп танылады. Тар мағынадағы түсінігі көрнекті ғалым Ю. М. Лотманның еңбектерімен байланысты.

Алайда, лингвистердің кейінгі көзқарастарын қорытындылау үшін әдеби мәтіндегі цитаталар құрылымын тар пайдаланылуын автордың оларды әртүрлі мақсатта қолданумен түсіндіріледі. Шетелдік ғалым Ю. Кристева интертекстуалдылық мәтінді кең мағынада түсіндіреді. М. М. Бахтин: шығарма диалогының сипатына түсінік бере отырып, «В любой момент развития диалога существует огромные, неограниченные массы забытых смыслов, но в определенные моменты дальнейшего развития диалога, по ходу его, они снова вспомнятся и оживут в обновленном (в новом контексте) виде»,—деп жазады [1, 258]. Тіл білімі мен әдебиеттануда «интермәтін», «интертекстуалды», «интертекстуалдылық» терминдері жөнінде әртүрлі пікірлер бар. Алайда қазіргі уақытта мәтінаралық проблеманы зерттеу жүйелі түрде жүргізілуде. Әрине, бұл мәселе тіл мен әдебиеттің қиылысында қарастырылған.

Интертекстуалдылықтың лингвистикалық аспектілері мәтін лингвистикасы аясында зерттеледі. Неміс зерттеушісі В. Хайнеманн атап өткендей, мәтін лингвистикасында «интертекстуалды синдром» орын алады, ол кез-келген мәтінаралық байланыстарды интертекстуалды ретінде түсіндіруге деген ұмтылысында көрінеді [2, 178].

И. В. Арнольд интертекстуалдылық деп мәтінге не сөйлеудің өзге субъектісі бар тұтас басқа мәтіндердің не олардың фрагменттерінің таңбаланған немесе таңбаланбаған, түрлендірілген немесе өзгертілмеген дәйексөздер, аллюзиялар, еске алулар түрінде қосылуын түсінеді [3, 15].

А.В. Кремнева атап өткендей, «бөтен сөз» (немесе «мәтіндегі мәтін») бүгінде көркем, публицистикалық және жарнамалық мәтіндерге тән. Көптеген «бөтен сөздер» бізбен «меншіктеп алынған» және сөйлеу клишелеріне айналып, коммуникативтік арсеналымыздың ажырамас бөлігі болды [4, 105-106].

Қазақ прозасы мен поэзиясындағы интермәтінаралық поэзияның фольклорлық негізін зерттеу басталды. Алайда, жазушының ауыз әдебиеті үлгілеріндегі дәстүрлер сабақтастығы қағидатын интерпреттуальды байланыстыру түріндегі интерпреттуальды байланысын түсінудің жаңашыл сипатын әлі де фольклордан бастау керек.

Б. А. Абдыханова, Р. К. Конкаева фольклорлық шығармалардың лингвомәдени рөлін ХХІ ғасырдың көркем шығармаларына негізделген прецеденттік мәтіндер ретінде қарастыра отырып, интертекстуалдылықты мәдени кодты таратудың, берудің бір тәсілі ретінде бөледі [5, 689].

Ал Абай қарасөздерінде **интермәтіндер көп кездеседі**. Соның ішінде фольклорлық интермәтін Абай қарасөздерінде жиі кездеседі. Интермәтінді әдебиетшілер осы күнге дейін фольклор қатарында алып келеді. Бұл жағдайда, М. Әуезовтің тұжырымын назарға алсақ, би-шешендер сөзінің авторы халық. Анығында, шешендік сөз белгілі бір би-шешендердің атынан берілетіні анық. Белгілі ғалым Р. Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» зерттеуінде риторикамен қатар жыраудың өлеңін ауызша таралған авторлық әдебиет ретінде анықтайды [6, 22]. Интермәтіндерге Абай қарасөздерінен мысал келтірер болсақ, Абайдың 27-қарасөзінің мазмұны мынандай: «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көркемдігіне және қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмай тұғынын көресің. Бұлардың бәріне ғажайып қаласың және ақылың жетпейді, осылардың бәрі де кез келгендікпен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпейтұғын дүние әрбір бір түрлі керекке бола жаратылып және бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем законға қаратылып жаратылды» [7, 111].

Ақынның интермәтіндерді шеберлікпен қолданғанын көруге болады. Бұл үзіндіде Абай ақиқатты тануда жаңалық ашты. Абайдың 6-қарасөзінде халық мақалдарын қолданып, талдайды. Фольклор үлгілері интермәтін ретінде келген.

«Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды бірлік, ырыс алды тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады!

Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?» [7, 95].

17-қарасөзінде де ақын: «Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын мен, сенін сөзіңді ұғатұғын мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?»,-депті [7, 103].

29-қарасөзінде: «Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргеніңде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол – ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек ол арлы адамның ісі.

«Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

«Атың шықпаса, жер өрте»,–дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұра? «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол»,–дейді. Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шөмендеп диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?»,-дейді [7,115].

35-қарасөзінде ақын: «Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниең харап болған, сонымен қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріңдер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлерінді, бетіне ахиретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?» деген [7, 120].

Абай өз еңбектерінде және аудармаларында тым көп идиомаларды қолданған. Ақын «қиуын тауып, қисынын келтіріп» деген тұрақты тіркестерді шебер қолданды. Жаңа өрнектерді қолдану, тұлғаның құрылымындағы өзгерістер, өрнектерді жеңілдету, олардың арасына сөздердің қосылуы ақын поэзиясының аудармаларында жиі кездеседі.

Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар,

Көңілді көтеретін қуаныш бар.

Құлын тайдай айқасып, ойын салып,

Кептерше сүйеніскен демалыс бар (М. Ю. Лермонтовтан) [8, 46].

Мұнда да, яғни аударылған өлеңде екі тұрақты тіркес бір көзқараста қолданылады. Алғашқысы, халықтық тілдегі «көңілді көтеретін» қолданылса, ақын «*құлын-тайдай тебісу*» орнына «*құлын-тайдай айқасып*» қолданып, халықтық идиоманы аударма тіліне сай айналдырады.

Ақын мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді жиі қолданады. Нақыл сөздер еш өзгеріссіз қолданылады. Фразеологизмдер көбінесе көркем әдебиет тілінде қолданылатынына қарамастан, қолдану әдісі де өзіндік сипатқа, ерекшеліктерге ие. Біріншіден, біз сөз тіркестері бір мағынаға ие екенін ескереміз, екіншіден, бұл жергілікті тілде ұзақ уақыт бойы жасалынған сөз асылы. Р. Сыздықова былай дейді: «Жеке суреткер тіліндегі образды фразеологизмдердің типтерінің, олардың азды-көптігін, ескі-аздылығын түгендеу үстінде ақынның не жазушының фразеологизмдер саласындағы байырғы қазынаны қаншалықты игеріп, кәдеге асырғанын, қаншалықты жаңаларын ұсынғаннан көруге болады. Ал бұл шығармашылық контекст немесе авторлық даралық дегенді танытады, тіпті кеңірек қарасак, суреткер тіліндегі фразеологизмдер әлемі оның поэтикалық тіл арқылы көрінетін дүниетанымын көрсетеді» [6, 30]. Ғалым пікірі бойынша, онда фразеологизмдердің жазушы шығармасында өз орнын табуы ақынның қазақ қарасөз әлемін терең түсінетіндігін көрсетті. Осы тұрғыда Абай шығармаларындағы өрнектерді, оның ішінде идиомаларды қолдануға назар аударсақ, ақынның өз сөздерін қолдана білуі мен сөз құра білуі бізге әсер етеді. Поэзия шебері олардан жаңа мағыналар құра алды, сонымен қатар оның шығармаларында ұтымды әрі орынды қолдана білді. Автор бұл құбылыстың көлемін вербальды тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің позициясын сақтай отырып, кейде ауызша тілде тұрақты тіркестерді өзгерту және құру арқылы кеңейтті. Бұдан ақынның тіл шеберлігі арқылы оның даралығын, өзіндік ерекшелігін түсінуге болады.

Қысқасы, Абай ауызша, эмоционалды әсерлі сөздердің байлығын жалпыхалықтық тілде қолданады. Қарапайым сөздерді қолдану арқылы сөйлемдердің экспрессивті және эмоционалды күшін арттырады. Қазақ поэзиясында Абай тілінің ерекшелігі объектіні сипаттауда, түсіндіру процесінде айқын байқалады. Абай тілінің шебері болған бейнелі көркемдік жаңашыл метафораның нақты мысалын тіпті алғашқы қазақ ақын-жазушылары да ұсына алды деп айтуға болады. Бұған мысал ретінде қазақ әдеби проза тіліндегі «ой» және «қайғы» сөздерінің қатысуымен әр түрлі етістік мағыналары бар метафоралық тіркестердің жасалуы. Интермәтіндік қосымшалар мәтіннің мағыналық элементтері болғандықтан, мұндай мәтінді қабылдау оқырманнан «бөтен сөз» берген мағынаны ашу үшін едәуір интеллектуалды күш-жігерді қажет етеді және Р. Барттың айтуы бойынша оны өзін «ақсүйектер оқырмандары» санатына жатқызуға мүмкіндік береді [8, 53].

Абайдың қарасөздеріне назар аударсақ, прецеденттік мәтіндер де кездеседі. Мысалы ақынның 37-қарасөзінде: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың. Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал. Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі»,–дейді [7, 147]. Осы қарасөзіндегі Сократ, Иоанна Арк, Ғайса деген прецеденттік есімдерге анықтама бермейді, тек сілтеме жасаған. Өйткені бұл есімдер – халыққа танымал болған есімдер.

Бүгінгі қолданысына мысал келтірер болсақ, Ринат Зайытов пен Балғынбек Имашев айтысында Р. Зайтов:

Шындықты айта-айта түк шықпады,

Көрейік өтірікті енді ақтарып.

Сахнаға Судыр Ахмет болып шықтым,

Аферист Балғынбекпен тең боп қалып.

Ассалаумағалейкум, қазақ деген,

Дүние жүзіндегі ең көп халық! – деді Ринат.

Өте әдемі әзіл және астарлы ойы қалың. Судыр Ахметтің екіжүзді, өтірікші мінезін негізге алған. Осындай прецеденттік мәтіндердің мазмұнының астарында тарихи тұлғалардың, мифтік бейнелердің аттарында, яғни антропонимдерде ұлттық болмыс пен мәдениет сақталған. Қорыта келгенде, прецеденттік есімдер дегеніміз поэтикалық шығармалардағы, фольклордағы халыққа таныс кейіпкерлердің есімдері. Прецеденттік есімдер біздің мәдениетімізде, әдебиетімізде, тарихымызда ерекше орын алады.

Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі интермәтіндердің табиғатын талдау барысында ақынның айтар ойын мағыналы және оқырманға нақты жеткізу үшін көпшілікке бұрыннан таныс материалдарды, яғни интермәтінді қолданғандығы айқын болды. Ақын қолданған интермәтіндер көбінесе фольклор болып табылады. Сондай-ақ, халықтық тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер де жиі қолданылған. Интермәтіндік қолданыстар кейіпкерлерді суреттеуде, сипатталған оқиғаларға автордың көзқарасын білдіруде, автор ойын жеткізуде айырықша қызмет атқарады. Ақын шығармаларын зерделеу барысында интермәтіндердің рөлі мынада екені анықталды: мәтіннің оқырманға әсер ету функциясын арттырады, оқырманның мәдени, тарихи білімін кеңейтеді және ұлттық кодты дамытуға ықпал етеді.

Болашақта осы мақаламен өзектес прецеденттік атаулар да зерттеу нысаны болады. Прецеденттік атауларды зерттеу қазақ мәдениеті, әдебиеті мен тарихында маңызды мәселелер қатарын құрайды. Олар тарихи тұлғалар, мифтік образдар, яғни антропонимдердің ұлттық танымды, мәдениеттік

сақтауға мүмкіндік береді, яғни ұлттық мәдениет туралы білімнің қайнар көзі болып табылады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, қай халықтың болмасын, тұрмысы мен танымындағы бар дүние сол халықтың жадында сақталып, тек тілінде ғана көрініс табады. Тіл арқылы мәдениетті: халықтың тарихын, салт-дәстүрін, мінезін, менталитетін танимыз. Халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан мәдениеттің кейбір құпия сырлары тілдегі сөздерде жасырынған. Қазақ халқының ұлттық танымында қалыптасқан әрбір тілдік бірліктер халықтың рухани-материалдық мәдениетінен де, салтынын да орын алады. Әлем бейнесі мен ұлттық мәдениет, халықтың салт-дәстүрлері мен сенімдері, сол тілде сөйлейтін халық тарихы көрініс табатын кез-келген халық ұғымындағы сөздер баға жетпес лингвистикалық қазына болып табылады. Мәдениет ұғымының кең мағынада қолданылатыны белгілі.

Интертекстуалдық категориясы бірінші рет семантикалық категория ретінде қарастырылды. Мақалада интертекстуалдық мәтіннің ерекшелігі, автордың мәтініне кірістірілген басқа мәтіндермен үндестікті сақтауы анықталды. Көркем мәтіннің авторы өз туындысына басқа авторлардан мәтіндер кірістіруі мүмкін. Өз шығармасына басқа мәтіндерді кірістірудің мақсаты айтар ойын әсерлі жеткізу болып табылады.

Қорытындылай келгенде, Абайдың поэтикалық әлемі фольклорға ұқсас екенін дәлелдеудің қажеті жоқ, өйткені ол риторика дамыған ортада, фольклорға өте бай ортада жетіледі. Алайда Абайдың ойға жүйріктігі халықтық қағидаларды, қанатты сөздерді, мақал-мәтелдер, афоризмдерді қолданылуынан көрінеді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Бахтин, М. М.** Эстетика словесного творчества / Походаев В. С. [Текст] – М. : Искусство, 1986. – 445 с.

2 **Чернявская, В. Е.** Лингвистика текста : Поликодовость, интермәтінұальность, интердискурсивность [Текст] : учеб. пособие. – М. : Либроком, 2009. – 248 с.

3 **Арнольд, И. В.** Семантика. Стилистика. Интертекстуальность [Текст]: сб. ст. / И. В. Арнольд; науч. ред. П. Е. Бухаркин – СПб.: С.-Петербург. гос. ун-т., 1999. – 443 с.

4 **Кремнева, А. В.** Основные направления интертекстуальных исследований и возможные перспективы дальнейшего изучения проблемы межтекстового взаимодействия [Текст] // Журнал «Известия ВГПУ», Филологические науки. – Волгоград, 2017 год. – С. 105–115.

5 **Абдыханова, Б. А., Конкаева, Р. К.** Лингвокультурологическая роль фольклорных произведений как прецедентных текстов (на основе художественных произведений XXI в.) [Текст] // Scientific Collection «Interconf», № 3(36). Challenges in Science of Nowadays Washington, USA, 26-28.11.2020. – С. 688–695.

6 **Сыздықова, Р.** Қазақ әдеби тілінің тарихы [Текст]. – Алматы : Ана тілі, 1993. – 319 б.

7 Абай шығармаларының 2 томдық толық жинағы, Т. 1-Т. 2. [Текст]. – Алматы : Жазушы, 2015. – 336 б.

8 **Кремнева, А. В.** Интертекстуальные включения как один из барьеров на пути интерпретации текста. [Текст] // Журнал «Филология и человек». – Барнаул. – 2019. – № 1. – С. 46–60.

9. **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность [Текст]. – М. : Наука, 1987. – 262 с.

10. **Барт, Р.** Избранные работы. Семиотика. Поэтика [Текст] : Пер. с фр. / Сост., общ. ред. и вступ. ст. Г. К. Косикова. – М. : Прогресс, 1989. – 616 с.

References

1 **Bahtin, M. M.** Estetika slovesnogo tvorchestva / Pohodaev V. S. [Aesthetics of verbal creativity] [Text]. – Moscow : Iskustvo, 1986. – 445 p.

2 **Chernyavskaya, V. E.** Lingvistika teksta: Polikodovost, intertekstualnost, interdiskursivnost [Linguistics of the text: Polycode, Intertextuality, Interdiscursiveness]. [Text]: textbook – Moscow : Librokom, 2009. – 248 p.

3 **Arnold, I. V.** Semantika. Stilistika. Intertekstualnost [Semantics. Stylistics. Intertextuality]. [Text]. Sb. st. / I. V. Arnold; nauch. red. P. E. Buharkin – St. Petersburg : S.-Peterb. gos. Un-t., 1999. – 443 p.

4 **Kremneva, A. V.** Osnovnye napravleniya intertekstualnyh issledovaniy i vozmozhnye perspektivy dalneyshego izucheniya problemy mezhtekstovogo vzaimodeystviya [The main Directions of intertextual Research and possible Prospects for further Study of the Problem of intertextual Interaction] [Text]. // Zhurnal «Izvestiya VGPU», Filologicheskie nauki. – Volgograd, 2017. – P. 105 – 115.

5 **Abdyhanova B. A., Konkaeva R. K.** Lingvokulturologicheskaya rol folklornyh proizvedeniy kak precedentnyh tekstov (na osnove hudozhestvennyh proizvedeniy XXI v.). [The linguistic and cultural Role of folklore Works as precedent Texts (based on Works of Art of the XXI century)] [Text]. In Scientific Collection «Interconf». – № 3(36). Challenges in Science of Nowadays Washington, USA, 26-28.11.2020. – P. 688–695.

6 **Syzdykova, R.** Қазақ әдеби тілінің тарихы [History of the Kazakh literary language] [Text]. – Алматы : Ana tili, 1993. – 319 p.

7 Abay shuғarmalarynıń 2 tomduq tolyq zhınarıy. [Complete Collection of Abay's Works in 2 volumes] [Text]. Т. 1–Т. 2. – Алматы : Zhazushy, 2015. – 336 p.

8 **Kremneva, A. V.** Intertekstualnye vklucheniya kak odin iz barerov na puti interpretacii teksta. [Intertextual Inclusions as one of the Barriers to Text Interpretation] [Text]. In Zhurnal «Filologiya i chelovek». – Barnaul, 2019, №1, P. 46–60.

9. **Karaulov, Yu. N.** Russkiy yazyk i yazykovaya lichnost. [Russian Language and linguistic Personality] [Text]. – Moscow : Nauka, 1987. – 262 p.

10. **Bart, R.** Izbrannye raboty. Semiotika. Poetika [Scarred works. Semiotics. Poetics] [Text]: Per. s fr. / Sost., obsch. red. i vstup. st. G. K. Kosikova. – Moscow : Progress, 1989. – 616 p.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

*Г. Токенкызы¹, *Б. К. Жумабекова², Н. З. Жуманбекова³*

¹Университет «Туран-Астана»,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

²Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

ХАРАКТЕРИСТИКА ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНЫХ ТЕКСТОВ В «СЛОВАХ НАЗИДАНИЯ» АБАЯ

В статье анализируется природа интертекстов в «Словах назидания» Абая Кунанбаева. В представленной статье раскрыты значения «Слов назиданий» великого поэта и даны характеристики интертекстов в его произведениях. Интертекст становится сегодня характерной чертой художественных, публицистических и рекламных текстов. В качестве интертекста анализируются образцы фольклора: идиомы, народные пословицы и поговорки; в качестве прецедентных текстов рассмотрены прецедентные имена – это имена персонажей поэтических и фольклорных произведений, метафоры и фразеологизмы. Поэтическая природа интертекстов в «Словах назидания» Абая рассматривается впервые.

Интертекстуальные вкрапления позволяют описать героев, выразить отношение автора к описываемым событиям, сообщить свою точку зрения.

Подтверждается, что использование интертекстов способствует повышению эффективности функции воздействия, так как активизирует культурно-значимые, исторические знания читателя и содействует развитию национального кода.

Прецедентные имена, как прецедентные тексты, занимают особое место в казахской культуре, литературе и истории. Они позволяют сохранить национальную самобытность и культуру в именах исторических личностей, мифических образах, то есть антропонимах и являются источником познания национальной культуры.

Искусное использование устойчивых сочетаний и новых вкраплений в их структуре в произведениях и переводах поэтов, то есть включение новых слов в их состав свидетельствует об особенностях поэтического дискурса в казахском языке.

Ключевые слова: интертекст, интертекстуальный анализ, прецедентное имя, национальный код.

G. Tokenkyzy¹, *B. K. Zhumabekova², N. Z. Zhumanbekova³

¹University «Turan-Astana»,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

²Toraigyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 11.03.22.

CHARACTERISTIC OF INTERTEXTUAL TEXTS IN THE “WORDS OF EDIFICATION” BY ABAY

The article analyzes the nature of intertextual texts in «Words of Edification» by Abai Kunanbayev. The presented article reveals the message of the «Words of Edification» of the great poet, the characteristics of intertexts in his works. Intertext is now becoming a characteristic feature of fictional, journalistic and advertising texts. Examples of folklore are analyzed as intertext: idioms, folk proverbs and sayings; the precedent names are considered as precedent texts – these are the names of characters in poetic and folklore works, metaphors and phraseological units. The

poetic nature of the intertext is considered for the first time in Abai's Words of Edification.

Intertextual inclusions allow to describe characters, to express the author's attitude towards the events occurred and to communicate his viewpoint.

It has been confirmed that the use of intertexts contributes to an increase in the effectiveness of the influence function, as it activates the culturally significant, historical knowledge of the reader and assists in the development of the national code.

Precedent names, as precedent texts, occupy a special place in Kazakh culture, literature and history. They allow to preserve national identity and culture in the names of historical figures, mythical images, that is, anthroponyms, i.e. are a source of knowledge of national culture.

Skillful use of set expressions and their new embedment in structure in poetic translation, in other words including new words in their composition demonstrates specific features of poetic discourse in Kazakh.

Keywords: intertext, intertextual analysis, precedent name, national code.

Теруге 11.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,76 МБ RAM

Шартты баспа табағы 14,27. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3880

Сдано в набор 11.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2022 г.

Электронное издание

2,76 МБ RAM

Усл. печ. л. 14,27. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3880

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz